«БАЛАПАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ
2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Тәрбиешілер: Нұрымова Аяжан, Сәрсен Гүлзат

№	Айы	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Жауапты	Күтілетін нәтиже
1	Қыркүйек 2024	Ата-аналар жиналысы №1. «Білімнің бастауы – балабақша». Ата-аналар комитетін сайлау. Балабақша ережелерімен таныстыру.	Жиналыс, баяндама	Нұрымова А., Сәрсен Г.	Ата-аналармен тұрақты байланыс орнайды.
2	Қазан 2024	«Алтын күз» мерекесіне дайындық. Балалардың күзгі шығармашылық жұмыстарына ата-аналарды тарту.	Кеңес, бірлескен іс-шара	Тәрбиешілер, ата-аналар	Ата-аналардың топ өміріне белсенді қатысуы.
3	Қараша 2024	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында кеңес. Баланың күн тәртібі мен өзін-өзі күту дағдылары.	Кеңес, әңгімелесу	Нұрымова А.	Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артады.
4	Желтоқсан 2024	Ата-аналар жиналысы №2. «Төрлет, Жаңа жыл!» ертеңгілігіне дайындық. Қауіпсіздік ережелері.	Жиналыс, мерекелік іс-шара	Сәрсен Г., Нұрымова А.	Мерекелік шараға ұйымшылдықпен дайындық.
5	Қаңтар 2025	Қысқы кезеңдегі балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігі туралы түсіндіру жұмыстары.	Кеңес, жадынама	Тәрбиешілер	Балалардың денсаулығын сақтау шаралары күшейеді.
6	Ақпан 2025	«Балаға мейірім мен қолдау» тақырыбында жеке және топтық кеңестер. Баланың эмоциялық жағдайын қолдау.	Кеңес, пікір алмасу	Тәрбиешілер, ата-аналар	Балаға қолайлы психологиялық орта қалыптасады.
7	Наурыз 2025	Ата-аналар жиналысы №3. «Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері». 8 Наурыз және Наурыз мерекелеріне дайындық.	Жиналыс, мерекелік іс-шара	Нұрымова А., Сәрсен Г.	Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы нығаяды.
8	Сәуір 2025	«Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбында түсіндіру. Жол, өрт және тұрмыстық қауіпсіздік ережелері.	Кеңес, жадынама	Тәрбиешілер	Ата-аналар қауіпсіздік талаптарын сақтайды.
9	Мамыр 2025	Ата-аналар жиналысы №4. 2025–2026 оқу жылын қорытындылау. Балалардың жетістіктері. Жазғы қауіпсіздік.	Қорытынды жиналыс	Нұрымова А., Сәрсен Г.	Жылдық жұмыс қорытындыланып, жазғы кезеңге ұсыныстар беріледі.
10	Маусым 2025	Жазғы сауықтыру кезеңіне ата-аналарға ұсыныстар: күн тәртібі, таза ауа, су қауіпсіздігі, дұрыс тамақтану.	Кеңес, жадынама	Тәрбиешілер	Жазғы демалыс қауіпсіз әрі тиімді ұйымдастырылады.

Тәрбиешілер: Нұрымова Аяжан
Сәрсен Гүлзат

«БАЛАПАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

№1 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: «_» қыркүйек 2024 жыл

Тәрбиешілер: Нурымова Аяжан, Сәрсен Гүлзат

Қатысқандар: Топ ата-аналары

КҮН ТӘРТІБІ:

«Ата-аналар алдында қойылатын мақсаттар мен міндеттер» тақырыбында әңгімелесу.

Ата-аналар комитетін сайлау.

«Білімнің бастауы – балабақша» тақырыбында баяндама.

Балабақша ережелерімен және жаңа стандарт талаптарымен таныстыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Нурымова Аяжан сөз сөйлеп, ата-аналарға баланың тәрбиесі мен дамуына отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысының маңыздылығын түсіндірді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыруда ата-ананың жауапкершілігі туралы айтылды.

Екінші мәселе бойынша ата-аналар комитетін сайлау мәселесі қаралып, ата-аналардың ұсыныстары тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Сәрсен Гүлзат «Білімнің бастауы – балабақша» тақырыбында баяндама жасап, мектепке дейінгі тәрбиенің бала дамуындағы маңыздылығына тоқталды.

Төртінші мәселе бойынша балабақшаның ішкі тәртіп ережелері, күн тәртібі және жаңа стандарт талаптары таныстырылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Баланың тәрбиесі мен дамуына ата-аналар белсенді түрде атсалыссын.

Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы тұрақты байланыс орнатылсын.

Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері сақталсын.


Ата-аналар комитетімен бірлескен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Тәрбиешілер:

Нурымова Аяжан

Сәрсен Гүлзат

БІЗ - ӨНЕРАЙ


ТӘРБИЕ

«БАЛАПАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

№2 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: «_» желтоқсан 2024 жыл

Тәрбиешілер: Нурымова Аяжан, Сәрсен Гүлзат

Қатысқандар: Топ ата-аналары

КҮН ТӘРТІБІ:

«Төрлет, Жаңа жыл» ертеңгілігін ұйымдастыру.

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Сәрсен Гүлзат алдағы Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілікті ұйымдастыру туралы айтып өтті. Балалардың мерекеге дайындығы, тақпақтары, киімдері және ата-аналардың іс-шараға қатысуы талқыланды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Нурымова Аяжан «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама жасады. Бала тәрбиесінде отбасы мен балабақшаның бір бағытта жұмыс істеуінің маңыздылығы түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Жаңа жыл ертеңгілігі белгіленген жоспарға сәйкес өткізілсін.

Ата-аналар балалардың мерекелік киімдері мен дайындықтарына жауапкершілікпен қарасын.

Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайтылсын.

Баланың тәрбиесіне қатысты мәселелерді тәрбиешімен бірлесе шешу ұсынылсын.

Тәрбиешілер:

Нурымова Аяжан

Сәрсен Гүлзат






БІЗ - ӨНЕРЛІ
БАЛАЛАРМЫЗ
NIKE

«БАЛАПАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

№3 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: «_» наурыз 2025 жыл

Тәрбиешілер: Нурымова Аяжан, Сәрсен Гүлзат

Қатысқандар: Топ ата-аналары

КҮН ТӘРТІБІ:

«Аяулы анашым» 8 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілікті ұйымдастыру.

«Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері» тақырыбында баяндама.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Нурымова Аяжан 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Аяулы анашым» ертеңгілігі туралы айтып өтті. Балалардың мерекеге дайындығы, тақпақтары мен әндері, ата-аналардың қатысуы талқыланды.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Сәрсен Гүлзат «Отбасындағы тәрбиенің ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасады. Отбасындағы жылы қарым-қатынас, ата-ананың балаға үлгі болуы, баланың пікірін тыңдау және қолдау көрсету мәселелері қозғалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

8 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

Ата-аналар мерекелік іс-шараға белсенді қатыссын.

Отбасында балаға мейірімділік пен құрметке негізделген тәрбие берілсін.

Баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оны қолдау жұмыстары жалғастырылсын.

Тәрбиешілер:

Нурымова Аяжан ____

Сәрсен Гүлзат ____

ВЕСТЕМИЕ

«БАЛАПАН» ЕРЕСЕК ТОБЫ

№4 АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: «_» мамыр 2025 жыл

Тәрбиешілер: Нурымова Аяжан, Сәрсен Гүлзат

Қатысқандар: Топ ата-аналары

КҮН ТӘРТІБІ:

2024–2025 оқу жылында атқарылған ата-аналармен жұмысқа қорытынды жасау.

Жылдық жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытындылау.

Балалардың оқу жылындағы жетістіктері.

Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Сәрсен Гүлзат оқу жылы бойы ата-аналармен жүргізілген жұмыстарға қорытынды жасады. Ата-аналар жиналыстары, мерекелік іс-шаралар, тәрбиелік жұмыстар және бірлескен шаралар туралы айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Нурымова Аяжан жылдық жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижесімен таныстырды. Балалардың оқу жылындағы жетістіктері мен дамуындағы оң өзгерістер атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша балалардың оқу жылындағы белсенділігі, шығармашылық қабілеттері мен жетістіктері туралы айтылды.

Төртінші мәселе бойынша жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Балаларды қараусыз қалдырмау, жол қауіпсіздігін сақтау, суға шомылу кезінде қауіпсіздік шараларын орындау қажеттігі ескертілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін.

Ата-аналар мен балабақша арасындағы ынтымақтастық жалғастырылсын.

Балалардың жетістіктерін қолдау жұмыстары жүргізілсін.

Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі ата-аналардың басты назарында болсын.

Баланың бос уақытын тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру ұсынылсын.

Тәрбиешілер:

Нурымова Аяжан ____

Сәрсен Гүлзат ____

«ОТБАСЫ-
БАҚЫТ

«ОТБАСЫ-